

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 458 Қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау және 2012 жылғы мамырдағы жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Демалыс күні 2012 жылғы 28 сәуір, сенбіден 30 сәуір, дүйсенбіге ауыстырылсын.
 2. Қажетті өнім шығару, қаржылықты қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2012 жылғы 30 сәуірде жұмыс жүргізуге құқық берілсін.
- Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына с ә й к е с ө т е л е д і .
3. Осы қаулы алғашқы рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі .

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К.Мәсімов